

Балқаш қаласында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2025 жылғы 27 наурыздағы № 20/196 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 1 сәуірде № 6745-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) Балқаш қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Балқаш қаласында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері туристерді орналастыру орындарында болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Балқаш қалалық мәслихатының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 11/93 "Балқаш қаласындағы шетелдіктер үшін арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6547-09 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

А. Муслымов